

«Транспланттау мақсатында азаматтан қайтыс болғаннан кейін оның тіндерін және (немесе) ағзаларын (ағзалардың бөліктерін) алу мүмкіндігі туралы көзі тірісінде еркін көңіл білдіруіне келісім беру немесе қайтарып алуды тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің паспорты

1	Көрсетілетін қызметті беруші	медициналық-санитариялық алғашқы көмеккөрсететін медициналық ұйымдар
2	Көрсетілетін қызметті тұтынушылар	Жеке тұлғалар
3	Көрсетілетін қызметтің нысаны	Қағаз
4	Көрсетілетін қызметті ұсыну орны	медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымдар
5	Көрсетілетін қызметті ұсыну тәртібі	Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мерекелік күндерінен басқа, дүйсенбі - жұма аралығында сағат 8.00-ден бастап 20.00-ге дейін үзіліссіз сенбі күні – сағат 9.00-ден 14.00-ге дейін. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетуісіз кезек тәртібінде көрсетіледі.
6	Қажетті құжаттар	1) қызмет алушының жеке басын куәландыратын құжат; 2) өтініш.
7	Көрсетілетін қызметтің құны мен ақы төлеу тәртібі	Жеке тұлғаларға мемлекеттік көрсетілетін қызмет тегін көрсетіледі.
8	Көрсетілетін қызметті көрсету мерзімі	1) қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған кезден бастап – 3 (үш) жұмыс күні; 2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минуттан аспайды; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минуттан аспайды.
9	Көрсетілетін қызметті көрсету нәтижесі	1) нысан бойынша тіндерді (тіннің бөлігін) және (немесе) ағзаларды (ағзалардың бөлігін) алу мүмкіндігі туралы көзі тірісінде еркін көңіл білдіруіне келісім беруді тіркеу туралы анықтама не нысан бойынша тіндерді (тіннің бөлігін) және (немесе) ағзаларды (ағзалардың бөлігін) алу мүмкіндігі туралы көзі тірісінде еркін көңіл білдіруіне келісім беруді тіркеуден бас тарту туралы анықтама; 2) нысан бойынша тіндерді (тіннің бөлігін) және (немесе) ағзаларды (ағзалардың бөлігін) алу мүмкіндігі туралы көзі тірісінде еркін көңіл білдіруіне келісімді қайтарып алуды тіркеу туралы анықтама.
10	Нормативтік-құқықтық актілер	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 272 «Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы.
11	Қосымша ақпарат	БҚО денсаулық сақтау басқармасының Интернет ресурсында www.zdrav.bko.gov.kz . «мемлекеттік қызметтер» бөлімінде, 8 (7112) 24-18-15 телефоны